


5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

10-сабақ

Тақырып: Жұп және тақ сан

Сынып жұмысы

1. Қатар тұрған екі санның қосындысын жұп-тақтылыққа тексеріңіз
2. Қатар тұрған 3 натурал санның көбейтіндісі әрқашан жұп болады. Осы тұжырым дұрыс па?
3. Арман қосындылары да, көбейтінділері де тақ сан болатын 4 натурал санды тапты. Бұл қандай төрт сан?
4. $n^3 + n^2$ санын жұптылыққа зертте.
5. $n^2 + 4n + 3$ санын жұптылыққа зертте.
6. Цифрларының көбейтіндісі тақ сан болатын неше екі таңбалы сан бар?
7. $xy + x^2y^2 = 51$ теңдеуінің бүтін шешімдерін анықтаңыз.
8. 1-ші механизм оңға қарай айналып тұрса, сұрақ белгісіндегі механизмнің айналу бағыты қандай?



9. Қатар тұрған 6 тақ санның, ең кішісі ең үлкенінен үш есе кіші. Осы сандарды тап?
10. Электрондық құрылғыда 2023 және 2024 сандары жазылған. Құрылғының батырмасын басқанда, бірінші санның орнына экрандағы екі санның қосындысын, екінші санның орнына айырмасын жазады. Неше рет басқанда экранда 3 деген сан шығады?
11. Ақнұр 96 беттік дәптер сатып алды әрбір бетін 1 ден 192-ге дейін нөмірлеп шықты. Балерке келіп осы дәптерден ортасынан 5 бетін жұлып алды. Беттегі нөмірлер қосындысы 50 болуы мүмкін бе?
12. Сиқырлы ағашта 30 алма және 25 банан өсіп тұр. Айжан күн сайын осы ағаштан дәл екі жеміс алады. Егер Айжан екі бірдей жеміс алса, бір банан өсіп шығады. Ал егер екі түрлі жеміс алса, бір алма өсіп шығады. Ең соңында бір ғана жеміс қалды. Ол қандай жеміс?